

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен ынтымақтастық

ҚазҰУ Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Қаржы және есеп» кафедрасының бір топ ғылыми қызметкерлері «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасы жанындағы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазақстан Республикасы ғылым және білім министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі (2023-2025) ЖТН BR21882352 «Мемлекеттік аудитті дамытудың жаңа парадигмасы мен тұжырымдамасын әзірлеу, менеджмент сапасын бағалау жүйесін жетілдіру және ұлттық ресурстарды тиімді пайдалану бойынша ұсыныстарды әзірлеу» жобасын жүзеге асыруға қатысады.

Жасалған келісім аясында өзара әрекеттесу мақсатында жоспарға сәйкес бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасының мүшелері ЖШС «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» зерттеулер және болжамдау бөлімімен бірге жұмыс істей бастады, атап айтқанда тәжірибелі маман Назира Еришевна «Қаржы» мамандығының 3 курс студенттеріне «Қаржылық-математикалық модельдер» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасы жанындағы «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғылыми-зерттеу тобы мемлекеттік аудиттің тұрақты дамуын жүзеге асыру мақсатында бірқатар мақалалар әзірлеуде, онда мемлекеттік аудитті жетілдіру, тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ 7, 8, 13, 17) қол жеткізу үшін менеджмент сапасын бағалау жүйесін жетілдіру және ұлттық ресурстарды тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар қарастырылады.

Бұл ынтымақтастық жалғасуда және зерттелетін тақырып осы ұсыныстардың Қазақстанда тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

